

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Мырзабеков Ержан Есилбековичтің «Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын
инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына
ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Булакбаева Мейрамгуль Кенесбаевнаның**

ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық тақырып алынған мемлекеттік және ғылыми сұраныстан туындағанын айқын көруге болады. Осыған орай, білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға құқықтар берілген.</p> <p>1. Диссертацияның өзектілігі және ғылыми мәселе ретінде алуға итермелеуші күш болған тұжырымдамалар мен пайымдаулар мемлекеттік сұраныс ретінде нормативтік құжаттарға негізделіп диссертацияның 3-бетінде оларға жүйелі түрде сілтемелер жасалған.</p> <p>2. Жұмыс өз алдына аяқталған ғылыми бірлік ретінде алынғандықтан авторлық жоба деп қарастыруға болады. Алайда, арнайы тапсырыс болмағандықтан мемлекеттік сұранысты өтемейді деп тұжырым жасаймыз. Десекте, барлық алынған нәтижелер, тұжырымдамалар, жаңалықтар мемлекеттің сұранысын толығымен өтейді деп тұжырым жасауға негіз бар. Сондықтан, педагогика ғылымының және білім беру саласының алдына жүктелген мемлекеттік сұранысты толығымен қанағаттандырады деуге толық негіз</p>

			бар. 3. Диссертациялық жұмыс «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 2017 жылы бекіткен Педагог стандартына, 2021 жылы бекітілген «Өмір бойы білім алу тұжырымдамасы (үздіксіз білім беру)» жобасына сай келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Зерттеу нәтижесі университеттік білім беру жүйесінде педагогтердің креативтілігін қалыптастыруда негізге алуды қажет ететін тұғырлар, инновациялық іс-әрекетке дайындаудың ерекшеліктері анықталып, болашақ мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінің психологиялық-педагогикалық шарттары көрсетілгендігімен құнды болып табылады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық-құрылымдық модельде нақтыланған компоненттер әрбір оқу курстарының ерекшелігіне сәйкес теориялық ұстаным ретінде алуға болады деуге негіз бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеуде ғылыми, тәжірибелік ұсыныстар беру барысында, диссертант отандық білім беру жүйесіндегі талаптар мен өзгерістерге баса назар аударған және олардың нанымдылығын, сенімділігін жеке кәсіби тәжірибесіндегі фактілермен дәлелденгені жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік сұраныстарды талдай отырып жасалған. Сонымен қатар, нормативтік құжаттар, көп жылдық тәжірибеде жинақталған ақпараттар және тәжірибелік эксперименттік жұмыстағы дәлелдемелік негіздемелер арқылы қамтамасыз етілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық тақырып қысқа да нұсқа үлкен ауқымды ғылыми мәселені зерттеуге бағытталғандығы қуантарлық жағдай. Себебі, осы тақырыпқа орай мемлекеттік сұраныс ретінде негіздемелер де, диссертациялық жұмыстың проспектісі де, сонымен қатар барлық жаңалықтар міндеттердің шешімі ретінде қорғауға ұсынылып

			отырғандығымен айқындалады.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың логикалық бірізді, сауатты жасалған ғылыми аппарат тек жұмыстың мазмұнын толыққанды ашылғанына алғышарт ретіндегі көрінісі ғана емес, сонымен қатар диссертанттың ғылыми тұрғыдан нығайғанын, өз бетінше тұжырымдар мен ұсыныстар жасай білетінін дәлелдеп отыр. Яғни, ғылыми аппараттың сауаттылығы диссертанттың ғылыми сауаттылығын аңғартады. Олай болса, жұмыстағы алынған мақсат пен міндеттер өзара үйлесімді деп айта аламын.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы толық талаптарға сай екендігін жұмыстың құрылымы аңғартып тұр. Себебі, жұмыс үш тараудан, кіріспеден және қорытынды мен қосымшалардан тұрады. Бірінші бөлім мәселенің әдіснамалық және теориялық ұстанымдар мен тұжырымдарды талдап көрсетсе, екінші тарауда осы алынған нәтижелердің негізінде кәсіби құзыреттіліктерді айқындауға мүмкіншілік туындата отырып, осылардың барлығы құрылымдық-мазмұндық модель жасауға алғышарт жасаған. Осылайша, әдіснамалық, теориялық, практикалық тұжырымдар мен пайымдамалар қолданысқа ендіруге мүмкіншілігі бар модельді жасақтап, оны тәжірибеде тиімділігін тексеруге мүмкіншілік берген. Сондықтан, жұмысты логикалық бірізді аяқталған бірлік ретінде қарауға негіз бар.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Жұмыс алынған міндеттерге орай жазылып, ондағы шешімдер, қағидалар салыстырмалы талдау арқылы алынған, алынып қана қоймай бүгінгі білім жетілдіру саласындағы процестер мен құбылыстарды үйлестіре отырып тұжырымдар жасалғаны диссертанттың әдіснамалық ұстанымдарды терең қолданғанын аңғаруға болады. Ал осы ғылыми ұстанымдар нәтиженің адекваттылығын, шынайылығын қамтамасыз етеді.</p>
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа	Нәтижелердің барлығы алынған міндеттерге орай ғылыми

	жаңашылдық принципі	<p>болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жаңалық болып табылады. Себебі, қарастырылып отырған мәселенің өзі бүгінгі қоғамдағы білім саласындағы болып жатқан инновациялық тенденцияларға орай алынып, сапа білім саласының тренді ретінде қарастырылған. Ал оны қамтамасыз ететін білім ғана емес өзінің мансабын нығайтудың жолы ретінде қарауға мүмкіншілік жасайтындығы жаңалықтардың жаңа екендігін толығымен аңғартады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Кез-келген қорытынды талдаулар, салыстыруларға және теориялық қағидалар мен ұстанымдарға негізделетін ескеретін болсақ, диссертациядағы қорытындыларды толығымен жаңа деп айтуға негіз бар. Себебі, барлық міндеттер бойынша жасалған қорытындыларды әдіснамалық, теориялық, тәжірибелік талдауға негізделгендіктен оларды жаңа деп қабылдауға негіз бар.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген деп айтуға диссертанттың көп ғылымдар саласы бойынша жасаған талдаулары осы мәселені мемлекеттік, ғылыми сұраныстан туындағандығын дәлелдей отырып негіздеген. Және барлық зерттеулердің барысында жаңа қолданып жүрген технологияларға талдаулар жасалып, қолданысы нақтыланған. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыруды жүзеге асыру әдістемесін «Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі креативтілік» атты элективті курсы, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру бойынша «Жеке тұлғаның креативтілігін дамыту» атты тренингтер жинағы арқылы жүйелеп, тәжірибеге енгізуімен іске асырылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары</p>	<p>Жұмыстың қорытындылары негізді деп есептеуге диссертанттың тәжірибені жинақтай отырып ондағы жетістіктер мен олқылықтарды көрсету және жетілдіру мен толықтыруды диссертацияның қорытындысы ретінде көрініс</p>

		бойынша)	бергендігімен дәлелденеді. Жұмыста тек осы жұмыс жазу барысындағы жылдардың қорытындысы ғана емес бұрынғы алынған қорытындылардың тенденцияларды анықтау арқылы жасалғандығы нәтижелердің нанымды және дәйекті екендігіне негіз болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қағидалар толығымен дәлелденді. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстамдылығын аңғартады.</p> <p>Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр деп есептейміз.</p> <p>Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған жаңалықтар қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденеді.</p> <p>Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, біліктілігі артқан педагог өзінің педагогикалық тәжірибесін нығайтады, ал ол өз кезегінде білім алушыларға трансформацияланады, осылайша болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың ауқымын кеңейтеді.</p> <p>Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа орай қажетті басылымдарда жарияланған, оның ішінде импакт факторы жоғары журналда да жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның 1.3 бөлімінде диссертант болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын алғашқы рет негіздеп отыр. Осы орайда, қолданысқа енді ғана еніп жатқан әдіснамалық тұғырлардың қолданысын негіздеуі жұмыстың әдіснамалық ұстамдылығын аңғартады. Атап айтқанда, андрагогикалық,</p>

	дәйектілігі		квалитологиялық, рефлексиялық тұғырлардың негізделуі жұмыстың әдіснамалық мазмұнды екендігін аңғартады
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Эксперименттік жұмыста диссертант көптеген нәтижелердің дәйектілігін көрсетуге мүмкіндік беретін студенттерінің тәжірибелік дайындық көрсеткіштерінің деңгейлері бойынша бөлінуін салыстыру үшін H_0 - тәжірибелік дайындығын жетілу деңгейлеріндегі және H_1 - болжамның елеулі болжамдарындағы ($\chi^2_{эксп} < \chi^2_{сын}$) айырмашылықтарды өңдеу мен интерпретациялау әдістемелері қолданған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және аңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың ұтымдылығы диссертанттың құрылымдық-мазмұндық модель жасауымен айқындалады. Себебі, жасақталған модель жұмыстың логикалық бірізді әдіснамалық, жалпы теориялық негіздемелерге ғана емес, сонымен қатар зерттеліп отырған біліктілікті арттырып отырған басты субъект педагогтерді бағалау ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі ықпалдасатын, детерминантты құрамдас бөліктерден тұратындығын алға тартуға болады. Олай болса, зерттеу жұмысының ауқымының білім саласының барлық деңгейіндегі білім сапасын арттыруға өзіндік үлесі бар деп есептеймін.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығын көп ғылыми саладағы әдебиеттердің талдануы дәлел болмақ, осылайша ғылыми жұмыс әлемдік тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін дәлелдеп тұр.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттердің саны 181. Бұл мөлшер талапқа сай. Жоғарыда аталғандай көп ғылымдар саласы бойынша және ғылыми басылымдар терең қолданылғаны мәселенің диахрондық және синхрондық негізде қарастырылғанын дәлелдейді.
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан маңыздылыққа ие

	күндылық принципі	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>деп айтуға болады. Себебі, жоғарыда атап өткендей теориялық ұстанымдар мен тұжырымдар кең көлемде қолдануға болатындығымен негізделеді. Және инновациялық іс-әрекетті басқаруда маманның креативті тұлғасын қалыптастыруға септігін тигізетіндігі сөзсіз.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп есептеймін. Осылай тұжырым жасауға диссертация барысындағы әдіснамалық, теориялық, технологиялық ұсыныстар толық айналымға еруге мүмкіншілік бар. Сонымен қатар, практика барысында көрсеткіштер мен өлшемдер, ондағы қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарды инновациялық іс-әрекетті басқаруға дайындауда креативті тұлғаны қалыптастыруда пайдалануға болады деп тұжырымдаймын.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстағы жасалған практикалық ұсыныстарды жаңа деп айтуға болады. Оған дәлел ретінде зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарының, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және орта білім беру жүйесінде, қосымша білім беруде пайдалану практикалық тұрғыда шешімін тапқан деп ойлаймын.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Жазу сапасын жоғары деп есептейміз. Себебі, жаңа ұғымдарды, түсініктерді кеңінен қолдана отырып, олардың мәні терең ашылған. Сонымен қатар, стилистикалық жағынан жатық, грамматикалық жағынан сауатты жазылған жұмыс деп қарастырамыз. Зерттеу жұмысының жоғарыда айтылған жетістіктерімен қатар келесі кемшіліктері мен ұсыныстарды айтуға болады: 1. Креативті тұлғаны қалыптастыру мен инновациялық іс-әрекетті басқаруға даярлық мәселелерін теориялық талдауда</p>

			<p>2. Тренингтер жинағында қарастырылатын мәліметтер диссертацияда мазмұнды берілгенімен, оны болашақ мамандарға көмекші әдістемелік құрал ретінде баспадан шығарып, практикаға енгізгенде жұмыстың құндылығы арта түсер еді.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, жалпы нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді.</p>
--	--	--	--

Шешім: Мырзабеков Ержан Есилбековичтің 6D010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы аяқталған, өзіндік дара ғылыми еңбек болып табылады және ҚР БЖҒМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, Мырзабеков Ержан Есилбековичке 6D010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті»

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Жалпы және әлеуметтік педагогика және

өзін-өзі тану кафедрасының бағдарламалар көшбасшысы

29.03.2022

Қолы 

Подпись

Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі

Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

Булакбаева Мейрамгуль Кенесбаевна

